арқылы шабуыл жасаған жағдайда Қызыл Армия Финляндияға басып кіруі мүмкін деген құпия ескерту еді, бұл, бір жағынан, Финляндияны қорқыту және үркіту саясатының анық белгісі болды [6].

Солтүстік-батыста қалыптасқан жағдайды есептей отырып, КСРО үкіметі 1938 жылдың сәуір айында Финляндияға аймақтағы қауіпсіздік мәселесін бірге шешуге дайын екенін білдірді. Осыған байланысты Кеңес Одағы Финляндияға әскери шартқа отыруды ұсынды, бұл шарт Германия фин жеріне басып кірген жағдайда іске асырылатын болды. Сонымен бірге КСРО жағы Германия Финляндияға басып кірсе, бұл мемлекет немістерге қарсылық көрсету туралы міндеттеме алу керектігін дәлелдеп көрсетті. Осымен қатар герман агрессиясына тойтарыс беру үшін Кеңес үкіметі финдердің Готланд (Сур-Сари) аралында әскери базаларын салуға ұсыныс жасады. Бірақ КСРО осындай өзара көмек туралы келісім-шартты ұсынса да Финляндия жағы оны қолдамады, өйткені мұндай қадамдар Финляндияның тәуелсіздігіне қауіп төндіреді деп есептелді [1; 394].

Осыған қарамастан, Кеңес Одағының басшылығы жаңа ұсыныстар жасады, 1939 ж. 5 наурызында кеңес жағы Фин бұғазындағы Финляндияның төрт аралын жалға беруді сұрады, олардың орнына КСРО Ладоганың солтүстігіндегі жерлерді беруге дайын екенін мәлімдеді. Алайда 1939 жылдың наурыз-сәуір айларында жүргізілген екі ел арасындағы келіссөздер нәтижесіз аяқталды.

1939 жылдың 11 сәуірінде Гитлер «Қарулы күштердің 1939–1940 жылдардағы соғысқа дайындағы» туралы Директиваны бекітті. Ол бойынша герман әскерлері Англия, Францияға қарсы соғысқа, кейін «Шығыс жорығына» бағытталды. Осындай жағдайда Англия, Франция және Кеңес Одағы 1939 жылдың сәуірінен бастап Еуропада коллективтік қауіпсіздікті сақтау туралы келіссөздер бастады, олар тамыз айының ортасына дейін жүргізіліп белгілі нәтиже бермеді. Сонымен қатар кеңес-ағылшын-француз дипломаттары Германиямен де жасырын келіссөздерді жүргізген еді. Ең соңында өз пайдасын ойлаған Кеңес Одағы 1939 жылдың 23 тамызында Германиямен шабуыл жасаспау туралы 10 жылдық пактіге қол қойды [7]. Дүние жүзін таңқалдырған бұл шарттың «құпия хаттамасы» болған. Ол бойынша: Эстония, Латвия, Литва, Финляндия, Бессарабия және Польшаның Шығыс аймақтары Кеңес Одағының ықпалына көшетін болды. Сөйтіп, осы шарт негізінде КСРО мен Германия Шығыс, Солтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропаны өздерінің экспансиялық пиғылдарына қарай бөліске салды [8]. Осыған байланысты кеңес-ағылшын-француз келіссөздері мағынасын жоғалтып тоқтап қалды. Осындай КСРО-ның екіжүзділік саясатына байланысты Еуропадағы коллективтік қауіпсіздік жүйесін құру үшін жүргізілген жұмыстар сәтсіздікке ұшырады. 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Германия Польшаға шабуыл бастағаннан кейін, Англия және Франция Германияға соғыс жариялады, осылай Екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті [9].

1939 ж. қыркүйек айында Германиямен бірігіп Польшаны талқандаған Кеңес Одағы Украина мен Белоруссияның батыс аймақтарын басып алды. Осыдан кейін КСРО басшылығының назары қайтадан Финляндияға ауды, 1939 жылдың 11 қыркүйегінде Кеңес Одағы Финляндияға Өзара көмек туралы пактіге қол қоюды ұсынды, бірақ Мәскеудегі келіссөздерде фин жағы бұл ұсынысты қабылдаудан бас тартты.

Қалай болса да осы проблеманы тез арада шешкісі келген КСРО басшылығы 14 қыркүйекте Финляндияға қатал талап қойды, ол бойынша Финляндия Ханко түбегін 30 жылға Кеңес Одағына жалға беруі керек болды, сонымен қатар фин жағы КСРО-ға Готланд, Сескар, Лавансари, Тиуринсари, Бьерке аралдарын және шекараға жақын Ленинградтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Карел мойынтығының бір бөлігін беру туралы ұсыныс жасалды. Қосымша талаптар бойынша фин жағы Кеңес Одағына 2761 ш. км аумағы бар Рыбачий және Средний түбектерін кеңес территориясындағы аумағы 5523 ш. км Шығыс Карелиядағы жерлерге айырбастау керек болды [10]. 23 қазанда жіберген өзінің меморандумында Финляндия үкіметі өз шекарасын ішкі жаққа жылжыту және өз территориясында шетел әскерлерін орналастыру туралы КСРО-ның ұсыныстарын қабылдамайтыны туралы хабарлады [4; 174].

Өз тәуелсіздігін қорғаған Финляндияға қарсы КСРО басшылығы арандатушылық пен күш көрсету саясатын жүргізе бастады. Осыған дәлел ретінде Хельсинкидегі КСРО өкілі В.В.Деревянконың 1939 жылдың 17 қарашасында В.Молотовқа жіберген құпия кеңестерінен байқауға болады, онда ол финдерге қысым көрсету үшін кеңес-фин шекарасында жағдайды ұшықтыру, Финляндияға қарсы ақпарат науқанын жүргізу, тіпті екі ел арасындағы шабуыл жасаспау туралы пактіні денонсациялау және т.б. ұсыныстар жасайды [11].

Финляндиядағы өз өкілінің кеңестерін КСРО басшылығы қабылдаған болу керек, өйткені кеңес жағының ақпараты 1939 жылдың 26 қарашасында Майнила мекенінің қасында финдер жағы Қызыл Армиясының позициясын атқылап, содан бірнеше кеңес қызыл әскері қаза тапты деген хабарды

тарата бастады. Осыған байланысты КСРО үкіметі Финляндияға наразылық нотасын жолдап, онда финдердің қарулы күштері ішкі жаққа 25–30 км шегіну керек деген қатал талап қойды [12]. Қазіргі уақытқа дейін «Майнила оқиғасын кім ұйымдастырды?» деген сұраққа тарихшылардың басым көпшілігі бұл кеңес жағы ұйымдастырған арандатушылық деп көрсетеді. Дәл осы кезде кеңестік ақпарат құралдары Финляндия жағынан КСРО-ға қауіп төніп келе жатыр деген хабарды көп бере бастады. Ал өнеркәсіп орындарында: «Шабуыл жасаушыларға тойтарыс беру керек», «Финляндияны жазалайтын уақыт жетті» деген ұрандармен көптеген митингтер өткізілді. Бұл шаралар Финляндияға қарсы агрессия ұйымдастырудың саяси-идеологиялық негіздері еді.

1939 жылдың 28 қарашасында КСРО басшылығы Финляндия үкіметіне екі елдің арасындағы шабуыл жасаспау пактінің денонсацияланғаны туралы хабарлады, ал 29 қарашада Финляндиямен дипломатиялық қатынасты тоқтату туралы мәлімдеме жасады [13]. Енді ғана КСРО жағынан төніп тұрған қауіпті сезген Финляндия үкіметі сол күнгі нотасында өзінің әскерлерін Ленинградтан керекті қашықтыққа жылжытатыны туралы келіссөзге дайын екенін хабарлады.

Бірақ көршілерге агрессиялық саясатты ұстанған Кеңес Одағының басшылары фин мәселесін күшпен шешуге кірісті, 30 қарашада КСРО Телеграф агенттігі мынандай хабарды таратты: «Фин әскерлерінің жаңа арандатушылығына байланысты Ленинград әскери округының әскерлері таңертеңгі 8:30 сағ Карел мойынтығында және басқа жерлерде Финляндияның шекарасынан өтті» [14; 106]. Осылай Кеңес Одағы тәуелсіз Финляндияға қарсы әділетсіз шабуыл жасады, бұл кеңес-финлянд соғысының басталуына әкеп соқты.

Басталған соғыста КСРО басшылығының агрессиялық және саяси екіжүзділігі анық байқалды. Соғыс қимылымен қатар кеңес жағы әр түрлі арандатушылық шаралар ұйымдастырды, принципсіз саяси ойын бастады. Мұның барлығы Кеңес Одағының халықтарын және дүниежүзілік қауымдастықты неше түрлі жалған шаралармен алдауға бағытталды, соның бірі ретінде О.Куусинен басқарған фин «халық үкіметінің» қызметін атауға болады. 1918 жылдың қаңтар-мамыр айларында ресей большевиктерінің түрткілеумен болған Финляндиядағы жұмысшылар көтерілісі жеңіліс тапқаннан кейін осы көтерілісті ұйымдастырған фин социалистері 1918 жылдың тамыз айында Коммунистік партия құрды, оның Орталық комитеті КСРО-да орналасты. Фин коммунистеріне әр түрлі қолдау жасап, КСРО басшылары басталған соғыста өздерінің саяси жоспарларында іске асырғысы келді.

1939 жылдың 30 қарашасында КСРО территориясында орналасқан Финляндия Коммунистік партиясының Орталық комитеті фин халқына арнаған үндеуін жариялады, онда ол финдерді буржуазиялық үкіметті құлатып, соғысты қолдаған социал-демократияның көсемдерін қолдамай, халық үкіметін құруға шақырды [15].

Соғыстың екінші күні Қызыл Армия басып алған финдердің Териоки деген мекенінде фин коммунисті, Коминтерннің хатшысы О.Куусинен басқарған «халық үкіметі» пайда болды, ол Финляндия Демократиялық Республикасының Уақытша халық үкіметі деп аталды [16]. Бір таңғаларлығы, «Куусинен халық үкіметін» Кеңес Одағы танып, онымен толыққанды дипломатиялық қатынас орнатып өзара көмек және достық туралы шартқа қол қойды [8; 244]. Бұл шартты көптеген мемлекеттер «саяси спектакль» деп бағалады. Сонымен қатар Финляндия Коммунистік партиясының Орталық комитетінің үндеуі және «өзара көмек және достық туралы» О.Куусинен үкіметінің декларациялары Мәскеуде дайындалғаны дәлелденді, В.Молотов редакциялаған бұл құжаттардың орыс тілінде жазылған жобалары КСРО Сыртқы істер министрлігінің архивінде табылды [3; 38]. Куусинен үкіметін құрудың басты мақсаты да болды, ол дүниежүзілік қауымдастық алдында Кеңес Одағын жағымды және пайдалы жағынан көрсету болды. 1939 жылдың желтоқсан айында В.Молотов Териокидегі үкімет және онымен келісілген шарт туралы Ұлттар Лигасына берген жауабында: «Кеңес Одағы Финляндиямен соғысып отырған жоқ, ол халық қолдаған Финляндия үкіметіне көмек көрсетіп жатыр», — деп сендіргісі келді [17].

Басталған соғысқа 4 млн халқы бар Финляндия жағынан: 16 атқыштар дивизиялары мен резерв құрамалары, 900 артиллерия қондырғылары, 270 әскери ұшақтар және 29 кеме қатысты [14; 107]. Ең басынан фин жағы қорғаныс тактикасын пайдаланды. Бұл соғыста Финляндияға Англия, Франция, АҚШ, Швеция, Норвегия және Италия көмек көрсете бастады. Осы елдер қару-жарақ жіберуімен қатар, өз жерлерінде финдерге көмек ретінде «еріктілер» отрядтарын құра бастады. Батыс мемлекеттері Финляндияға халықаралық деңгейде қолдау көрсетті, олардың талабы бойынша 1939 жылдың 14 желтоқсанында Кеңес Одағы агрессор ретінде Ұлттар Лигасынан шығарылды [18].

160 млн астам халқы бар Кеңес Одағы жағынан бұл соғысқа 52 атқыштар және кавалерия дивизиялары және арнайы құрылған қосымша құрамалары қатысты, олар екі армия болып С.Тимошенко басқарған Солтүстік-батыс майданында соғысты. Мұнымен қатар Ладога көлі мен Баренц теңізіне дейінгі кеңістікте тағы үш кеңестік армиялар өз операцияларын жүргізді. Қызыл Армия соғыста: 11 мың зеңбіректер мен минометтер, үш мыңға жуық танкілер, 3 мыңнан астам әскери ұшақтарды пайдаланды. Сонымен қатар құрлықтағы әскерлерді Балтық, Солтүстік флоттарының және Ладога флотилиясының әскери кемелері қолдап отырды [14; 107]. Осыған қоса кеңес әскерлерінде орасан зор қару-жарақ, жанармай қоры, моторландырылған көлік, әр түрлі байланыс құралдары болды.

Фин кампаниясына арнайы дайындаған КСРО Бас штабының бастығы Б.Шапошниковтың соғыс жоспары болса да, соғысты тез аяқтағысы келген И.Сталин, К.Ворошилов, тағы басқалар бұл жоспарды қабылдамай тастады, оның орнына соғысты 2–3 аптада аяқтауға болады деген К.Мерецковтың жоспары бекітілді.

Бірақ бұл жоспар іске аспай қалды, өйткені Қызыл Армия әскери техника мен құралдарды керекті деңгейде пайдалана алмайтыны байқалды. Кеңестік әскери теория мен оқу уставтары жоғары деңгейде болса да, олар Финляндия территориясының ерекшелігіне жарамай қалды, көбінесе ашық жерде соғысқа үйретілген Қызыл Армия ормандық алқаптардағы соғыста өзінің дәрменсіздігін көрсетті. Әскери теория арқылы белгіленген доктриналарды 1939 жылы кеңес әскерлері орындай алмай, Орталық командованиенің стратегиялық жоспарларын іске асыра алмады. Орасан зор әлеуетіне сенген және Финляндияның мүмкіншіліктерін тиісінше бағаламаған КСРО басшылығының «соғысты тез аяқтау керек деген» жоспары ең басынан іске аспай қалды.

Фин командованиесі жақсы ұйымдастырылған барлау жұмысы арқылы Қызыл Армияның шабуыл жасайтын негізгі бағыттарын анықтап алды, сондықтан финдер қыс кезінде көлдер мен ормандары көп өз жерінде соғысуға жақсы дайындалып үлгерді.

Фин әскери басшыларының пайымдауынша, майдандағы ең қауіпті жер Карел мойынтығы болды, өйткені осы кеңістікте ғана Қызыл Армия өзінің ірі күштерін пайдалануға мүмкіншіліктері болды. Осы мойынтықта финдер өздерінің қорғаныс шебін құрды, бұл қорғаныс шебіне Койвистодағы күшті жағалау батареялары және Вусксы өзенінен Ладога көліне дейінгі бекіністер кірді. Сонымен қатар фин қорғанысында Выборгке (Виипури) баратын тас және темір жолдары қауіпті деп есептелді.

Финдердің негізгі қорғаныс шебін «Маннергейм линиясы» деп аталған үш қатардан тұратын бекіністер құрады, олар 1927–1939 жылдары салынды. Линияда 45 қатар сым темір, тас қорғандар, танкілерді жібермейтін бетон надолбтар орналасты. Бүкіл қорғаныс шебінде 1,5 мың доттар мен дзоттар орын алды, олардың арасында мина алаңдары болды [19]. Осы бекіністерді кеңес әскери басшылары Еуропадағы ең мықты қорғаныс шебі француздардың «Мажино линиясымен» салыстырды, бірақ «Маннергейм линиясы» француздардың атақты бекінісімен салыстыруға келмейтін ескірген, заман талабына сай келмейтін қорғаныс шебі болды.

Соғыс басталсымен Финляндия қарулы күштерінің бас қолбасшысы болып маршал К.Маннергейм тағайындалды [20], оның штабы дайындаған жоспар бойынша фин армиясы өзінің қорғаныс соғысын жүргізді.

Соғыстың бірінші кезеңінде Карел мойынтығын екі армия корпустарынан тұратын генерал Эстерманнның армиясы қорғады. Оның солтүстік жағын Ладога көліне дейінгі жерлерді генерал Хейнрихстің 3-ші армиялық корпусы қорғады, ал «Маннергейм линиясына» дейінгі кеңістікті шекарашылар отрядтары, егерь батальондары, кавалерия құрамалары және жергілікті жасақшылар отрядтары қорғады. Ладога көлінің Солтүстік-батысында соғыс қимылдарын генерал Хеглундтың 4-ші армиялық корпусы, ал одан кейінгі Солтүстік мұхитқа дейінгі жерлерді генерал Туаипоның арнайы құрамалары жүргізді. Осы кезде фин әскерлерінде, әсіресе артиллерияның жетіспеушілігі анық байқалды, ал Маннергеймнің резервіндегі екі дивизияда артиллерия мүлдем болған жоқ. Жоспар бойынша финдер «Маннергейм линиясына» дейін соғыса отырып, сол линияда Қызыл Армияның шабуылын тоқтатпақ болды. Ал Ладога бойымен жылжып келе жатқан кеңес әскерлерінің флангтары мен тылына тұтқиылдан шабуыл жасау арқылы жойып жіберу жоспарын іске асырмақ болды.

1939 жылдың желтоқсан айындағы КСРО жағы ұйымдастырған шабуылда К.Мерецков басқарған 7-ші армия Карел мойынтығында әскери операцияларын жүргізді. Майданның басқа шептерінде 8, 9-шы және 14-ші кеңес армиялары ұрыс жүргізді. Кеңестік жоспар бойынша шабуыл

кезінде Карел мойынтығында фин әскерлерін талқандап Выборг қаласын алғаннан кейін Хельсинкиге бағытталған ірі шабуыл басталу керек еді. 8-ші армия мойынтықтағы фин әскерлерінің тылына басып кіретін тапсырма алды. Ал, 9-шы армия үш жақтан шабуыл жасап, Кухмо, Суомисалми және Салла қалалары арқылы Ботника бұғазына шығып, Оулу қаласының маңында Финляндияны екіге бөліп тастауға бағытталды. Дәл осы уақытта кеңестік 14-ші армия Петсамо аймағын оккупациялап, финдердің Баренц теңізіне баратын жолын жауып тастайтын операцияларын жүргізді.

Бірақ орманды алқап, қалың қар,  $-35-40^{\circ}\text{C}$  аяз, жолдың жоқтығы және ұймдастыру жағынан жіберілген қателер Қызыл Армияға сәтті соғыс қимылдарын жүргізуге мүмкіншілік бермеді. Карел мойынтығындағы кескілескен ұрыстардан кейін 7-ші Кеңес армиясы финдердің шекаралық бекіністерін 25–60 км тереңдікке өтіп, желтоқсанның орта кезінде «Маннергейм линиясына» шығып, оған шабуыл жасады. Бірақ финдер өздерінің қорғаныс позицияларын ұтымды пайдаланып, Қызыл Армияның шабуылын тоқтатты. Кеңес Армиясы орасан зор шығынға ұшырады, мысалы, қоршауда қалған 44, 18-ші дивизиялар талқандалып, 200 астам кеңес танкілері толық жойылды, сонымен қатар мыңдаған кеңес солдаттары мен офицерлері жараланды және үсікке ұрынды. Осы шабуылды басқарушыларының бірі К.Мерецков: «Біз финдер қолданған қорғаныс тәсілдеріне және тактикасына дайын болмағанымызды анық байқадық», — деп жазды сол кезде [21].

1939 ж. желтоқсан айының екінші жартысында солтүстік аймақтағы Полвеярви, Аиттийоки және Суомисалми маңындағы шайқастарда фин әскерлері Қызыл Армияның 139, 75-ші және 163-ші дивизияларын талқандап, ірі жеңістерге жетті. Сөйтіп, соғыстың бірінші кезені Қызыл Армияға ешқандай әскери табыс әкелмеді, сондықтан кеңес жағы әскери операцияларды уақытша тоқтатып «Маннергейм линиясына» өту үшін ауқымды шабуылды дайындай бастады. 1939 жылдың аяғы мен 1940 жылдың басында Карел мойынтығындағы шабуылға 7, 13-ші армиялар және Ставканың резервінен алынған жаңа құрамалар дайындалды, осы әскерлер 1940 ж. 7 қаңтарында құрылған Солтүстік-батыс майданын құрды. Жаңа құрылған майданның құрамында: 21 атқыштар дивизиясы, 13 артиллериялық полкі, 4 артиллерия дивизионы, 5 танк бригадасы, 4 танк батальоны және 15 авиация полкі болды [22; 173]. Осылай, финдерден бірнеше есе артық күш дайындаған Қызыл Армия командованияесі алдағы шешуші шайқастарда жеңіске жетудің жолын іздей бастады.

Соғыс басталып жүріп жатса да, оны ең басынан тоқтатуға әр түрлі қадамдар жасалғанын айта кеткен жөн. Ұлттар Лигасы Финляндияның сұрауы бойынша Кеңес Одағына соғыс мәселесін бейбіт жолмен шешу туралы әр түрлі ұсыныстар жасады, бірақ екі ел арасындағы мәселені тек күшпен шешкісі келген КСРО басшылығы оған құлақ аспады. Осыған байланысты 1939 ж. 14 желтоқсанында Ұлттар Лигасы Кеңес Одағын өз қатарынан шығарғанда КСРО басшылығы өз позициясын былай білдірді: «КСРО-ны шығару Ұлттар Лигасының өзіне пайдасыз, өйткені ол өз абыройын жоғалтып отыр. Ең соңында бұл КСРО-ға өте пайдалы... Ұлттар Лигасымен қатынасты үзген Кеңес Одағының енді не істесе де қолы босады» [23]. Ұлттар Лигасының ұсыныстарына және шешімдеріне осылай қарау Кеңес Одағының халықаралық құқық нормаларымен есептеспейтінін және мойындамайтынын анық көрсетті.

Халықаралық қауымдастық қалыптасқан жағдайды есептей отырып, Финляндияны толық қолдады, тек Кеңес Одағымен пактіге қол қойып алған Германияның ғана ерекше позициясы болды. Германия КСРО-ның агрессиялық саясатына немқұрайды қарап, қайта оны ақтауға тырысты. Сол күндері швед жазушысы Свед Гединмен кездескенде Гитлер: «Финдер КСРО-ның позициясын дұрыс түсініп, ақылды саясат жүргізіп орыстармен татуласқаны жөн болады», — деп көрсеткен [24].

Англия, Франция және басқа еуропалық мемлекеттер Финляндияны толық қолдап, Кеңес Одағының саясатына қауіптен қарады. Осыған орай, КСРО-ның Швециядағы елшісі А.Коллонтай 1939 ж. 18 желтоқсанында өз күнделігінде «Париж ақпараты өзінің қауіпін жасырмайды, олардың пайымдауынша, Кеңес Одағы мен Германия толық жақындасқаннан кейін Гитлер мен большевиктердің Батыс державаларына бағыттаған қарулы күштері мыңдаған жылдары қалыптасқан мәдениетті жойып жіберді» деген пікірін жазады [25; 206].

Ал осыдан бұрын финдердің бірнеше бейбітшілікті орнату туралы ұсыныстарын қабылдамаған КСРО басшылығы 1940 ж. қаңтарында өз позициясын өзгерте бастады. Жаңа шабуылды дайындап жатқан Кеңес Одағының басшылары халықаралық жағдайдың күрделене түскенін, батыс елдерінің Финляндияны қолдап, КСРО-ға қарсы Одақ құрып жатқанын байқап қалды. Әсіресе батыс одақтастарының Солтүстікке десант түсіріп, КСРО-ның Оңтүстігіндегі мұнай орталықтарын бомбалау туралы жоспары өте қауіпті еді. Осыған байланысты 1940 ж. 28 қаңтарында КСРО жағы Финляндиямен келіссөз жүргізуге дайын екенін мәлімдеді, бұл келіссөздер Норвегия өкілінің



қатысуымен өтетін болды. Бірнеше рет финдердің норвегия дипломаты арқылы жіберген ұсыныстарын қабылдамай тастаған КСРО жағы ең соңында олардың Фин бұғазын қорғайтын үш жақты конвенция құру туралы жоспарын қолдайтыны туралы хабар берді. Бірақ осы жоспарды іске асыру үшін Кеңес Одағының басшылары финдер жағына жаңа ұсыныстарын орындауды катал түрде талап етті, ол бойынша Финляндия КСРО-ға Ханко түбегін және оның қасындағы бірнеше аралдарды, Карел түбегін және Ладога көлінің солтүстік жағалауын беру керек болды. Осыдан кейін Финляндия үкіметі кеңес-фин қатынастарын бейбіт түрде шешуге дайын екенін мәлімдеді.

Бірақ соғыстың бірінші кезеңіндегі сәтсіздіктерді есептей отырып және келіссөздер уақытын ұтымды пайдаланған КСРО басшылығы финдердің шешімін аяғына дейін күтпей, 11 ақпан күні Қызыл Армияға жаңа шабуыл бастау туралы бұйрық берді. Кеңестік Солтүстік-батыс майданының әскерлері 3 сағаттық артиллерия дайындығынан кейін «Маннергейм линиясына» шешуші шабуылын бастады. 3 күндік кескілескен ұрыстардан кейін 7-ші армияның құрамалары финдер қорғанысының бірінші шебін бұзып өтіп, 5–6 километрге жылжыды. Осыдан кейінгі күндері кеңес әскерлері майдан бойынша ені 12 километр, тереңдігі 11 километр территорияны басып алды. Дәл осы кезде кеңестік 13-ші армия «Маннергейм линиясының» бірінші шебін өтіп, финдердің Муола-Ильвес қорғаныс аймағы үшін ұрыс бастады. Қызыл Армия финдердің тылына өтіп кету қауіпі төнген кезде фин әскери басшылығы өз әскерлерін екінші қорғаныс шебіне шегіндіруге мәжбүр болды. Дәл осы күндері шабуылын екпінді жүргізген кеңестік 7-ші армияның әскерлері 21 ақпанда финдердің екінші қорғаныс шебі үшін ұрыс бастады, ал 13-ші армияның құрамалары Муола бекінісінің аймағындағы финдердің басты қорғанысына жетті. Сонымен қатар Ладога көлінің солтүстік жағасында ұрыс жүргізген кеңестік 9-шы, 8-ші және 15-інші армиялар қарсыластарын ығыстырып, ұтымды позицияларға көшті. Қосымша дайындықтан кейін Қызыл Армия 28 ақпанда жаппай шабуылды жалғастырды, соның негізінде Солтүстік-батыс майданының әскерлері финдерді негізгі позицияларынан ығыстырып, шегінуге мәжбүр етті. Осыдан кейінгі шабуылда Қызыл Армия Фин бұғазынан өтіп, финдердің Выборг қорғанысын айналып өтіп, Выборг қаласына шабуыл жасап, оны 11 наурызда алды. Дәл осы күндері «Маннергейм линиясынан» өткен кеңес әскерлері майданның басқа аймақтарында да финдерге соққы беріп, оларды жаппай шегінуге мәжбүр етті. Сөйтіп, «Маннергейм линиясындағы» шайқастарда және басқа жерлердегі ұрыстарда фин әскерлері ірі сәтсіздікке ұшырап, жаппай шегінуге көшті.

Әрине, жеңілістерге ұшырап шегініп бара жатқан фин әскерлерінің соңына түскен Қызыл Армия бүкіл Финляндияны басып алу керек еді және сол жоспарды іске асыруға тырысты. Бірақ бұлай болса, соғыс созылып кететін болды, және Батыс мемлекеттерінің Финляндияға көрсеткен көмегі бүкіл соғыс бойы тоқтаған жоқ. Мысалы, соғыс кезінде батыс елдері Финляндияға 350 ұшақ, 1500 зеңбіректер, 6000 пулемет, 100 мыңдай винтовка, 650 мың граната, 2,5 млн снарядтар және 160 млн патрондар жіберді. Сонымен қатар Қызыл Армия сәтті шабуылға көшкен кезде Англия мен Франция Финляндияға көмек ретінде 150 мыңдық армия жіберетіні туралы мәлімдеді [22; 174]. Қалыптасқан жағдайды есептеген КСРО басшылығы фин үкіметінің бейбіт шартқа отыру туралы ұсынысын қабылдады.

1940 жылдың 12 наурызында Мәскеуде Кеңес Одағы мен Финляндия арасында бейбіт шартқа қол қойылды. Оның баптары бойынша Финляндия КСРО-ға қарсы коалицияларға қатыспайтын болды, сонымен қатар Карел мойынтығында шекара Ленинградтан 150 шақырымға алыстатылды, осыған қоса Мурманск, Мурманск темір жолы және Петрозаводскіден шекара финдер жағына жылжытылды. Шарттың негізінде Финляндия Фин бұғазындағы бірнеше аралдар мен Рыбачий түбегін, Баренц теңізіндегі Средний түбегін беруге мәжбүр болды [26]. Сонымен қатар финдер жағы Ханко түбегін Кеңес Одағына 30 жылға жалға берді, ал КСРО жағы өз әскерлерін финдердің Петсамо облысынан шығаруға келісті [27].

Осылай агрессиялық саясат жүргізген Кеңес Одағы 3 айдан астам уақыт соғыс жүргізіп, тәуелсіз мемлекет — Финляндияның бірқатар жерін жаулап алып, оларды КСРО құрамына кіргізді. Саясаттағы ойын осы кезде де орын алды. Жаулап алған жерлерден фин халқының өкілдерін қуып тастағаннан кейін, КСРО басшылығы сол жерлерге Карелияны қосып, жаңа Карел-Фин кеңестік одақтас республикасын құрды [28]. Кеңес-финлянд соғысының негізгі нәтижелері осындай болды.

1939–1940 жж. кеңес-финлянд соғысы қарсыласқан екі жаққа да ауыр нәтиже әкелді. 105 күнге созылған соғыста Қызыл Армияның шығыны орасан зор болды, оның ішінде 72 408 адам қаза тауып, 17 520 хабарсыз кетіп, 20 мыңға жұығы тұтқынға түсіп, 200 мыңнан астамы жараланды [29]. Әскери техника жағынан Қызыл Армия 640 ұшақ пен 2,5 мың танкіден және т.б. қару-жарақтан айырылды.

Кеңес әскерлерімен салыстырғанда фин қарулы күштерінің шығыны әлдеқайда аз болды, олардың 19 571 адамы қаза тауып, 43 357 жараланды және 4161 жауынгері хабарсыз кетті [30]. Бұл финдер жағы берген деректер, бірақ әлі күнге дейін оларды ешкім теріске шығарған жоқ, соған қарағанда бұл деректер шындыққа жатады деп айтуға болады.

1939–1940 жылдардағы кеңес-финлянд соғысын көптеген кеңес және қазіргі орыс тарихшылары «данқты соғыс» емес, «тарихи маңызы жоқ» соғыс деп көрсетуге тырысады, өйткені бұл соғыста мақтаулы Қызыл Армия азғантай армиясы бар Финляндиямен 3,5 ай соғысып өзінің дәрменсіздігін, соғысқа дайын емес екендігін көрсетті. Осыған байланысты КСРО Қарулы Күштерінің атына зор нұқсан келтірілді. Батыс мемлекеттерінің әскери басшылары Қызыл Армияның қабілетіне, мүмкіншіліктеріне күмәнмен қарайтын болды. Соғыс оқиғаларын зерттеген неміс генералы Типпельскирх: «Ең соңында финдердің жеңілетініне күмән болмаса да, әскери жағынан қарағанда орыстардың атағына нұқсан келіп, оларда сенімсіздік пайда болды. Осыдан сұрақ туындайтын: неге олар үш ай кескілескен ұрыстардан кейін ғана мақсатына жетті? Дегенмен шабуыл жеткілікті күштермен басталмады. Сонымен қатар орыстарда бүкіл соғыс бойы көрсетілген жайбасар тактика, нашар командование және зор шығын болды, осыған байланысты дүние жүзінде Қызыл Армияның қабілеті туралы кереғар пікір қалыптасты. Кейінде осының барлығы Гитлердің шешім қабылдауына белгілі ықпал жасады» [31]. Кеңес-финлянд соғысындағы Қызыл Армияның дәрменсіздігі және Вермахттың Батысты тез арада іске асырылған блицкригі Гитлердің пікірін өзгертті, енді ол КСРО Қарулы Күштерін англо-француз әскерлерінен де тез талқандауға болады деп айта бастады. Осы кезден бастап Германия басшылығы КСРО-ға шабуыл жасау жоспарын дайындай бастады.

Кеңес-финлянд соғысы КСРО-ның халықаралық аренадағы жағдайына да нұқсан келтірді. Ұлттар Лигасынан шығарылғаннан кейін дүниежүзілік қауымдастық КСРО-ға агрессор ретінде қарайтын болды. Осы кездегі Кеңес Одағының агрессиялық саясаты көптеген елдерде сынала бастады, ал кейбір КСРО-мен көршілес мемлекеттерде абыржушылық және үрей пайда болды, өйткені КСРО басшылығы өздерінің дүниежүзілік революция теориясына сүйеніп, көрші мемлекеттерді кеңестендіру саясатын іске асырғысы келді. Бұл үшін кеңес жағы халықаралық революциялық күштерді, Коминтернді, тіпті өздерінің қарулы күштерін пайдалануға дейін баратыны көрініп қалды. Осыған мысал ретінде КСРО-ның Финляндияға шабуыл жасап, онымен соғысқанын келтіруге болады. Сонымен қатар өзінің саяси мақсатын іске асырғысы келсе, КСРО-ның басшылығы ешқандай халықаралық ұйымдармен және құқықтармен есептеспейтіні анық байқалды. Сондықтан 1939–1940 жж. кеңес-финлянд соғысы Кеңес Одағының сыртқы саясатындағы ең жағымсыз оқиғаларының бірі ретінде қала бермек.

## References

1. History of USSR Foreign Policy (1917–1945). [Istoriya vneshnej politiki SSSR (1917–1945)] — Vol.1. — М.: Nauka, 1986.
2. *Karr E.* The history of Soviet Russia. The Bolshevik Revolution 1917–1923. [Istoriya sovetskoi Rossii. Bol'shevistskaya revoliuciya 1917–1923 gg.] — B.1. — Vol.2. — М.: Progress, 1990. — P. 236.
3. *Dongarov A.G.* The war which could not be. [Voyna kotoroi moglo ne byt'] //Voprosy istorii. — № 5. — 1990. — P. 29–36.
4. *Kekkonen U.K.* Friendship and good neighborliness: Speeches and presentations. [Druzhiba I dobrososedstvo: Rechi I vystupleniya, 1963–1967]. — М.: Nauka, 1967.
5. Documents of Soviet foreign policy. [Dokumenty vneshnei politiki SSSR]. — Vol.18. — М.: Nauka, 1973. — P. 143.
6. *Semiryaga M.I.* Mystery of Stalin's diplomacy (1939–1941). [Tainy stalinskoj diplomatii (1939–1941)]. — М.: Vysshaya shkola, 1992. — P. 12.
7. History of the USSR. The Soviet period. [Istoriya SSSR. Sovetskii period]. — М.: Vysshaya shkola, 1987. — P. 345.
8. *Sokolov A.K.* The course of Soviet history. 1917–1940: A tutorial. [Kurs sovetskoi istorii 1917–1940: Uchebnoe posobie]. — М.: Vysshaya shkola, 1999. — P. 24–37.
9. The initial period of war. [Nachal'nyi period voiny] /Eds. Ivanov S.P. — М.: Voenizdat, 1974. — P. 8.
10. *Paasikivi Y.* Paasikivi Line: Articles and Speeches, 1944–1956. [Liniya Paasikivi: Stat'i I rechi, 1944–1956]. — М.: Politizdat, 1958. — P. 74.
11. *Dongarov A.G.* Are there any ultimatum to Finland? [Pred'yavlyalsya li Finlyandii ul'timatum?] //Voenno-istoricheskii zhurnal. — 1990. — № 3. — P. 45.
12. Pravda. — 1939. — November, 27.
13. Pravda. — 1939. — November, 29.
14. The contemporary history of the Motherland XX century: In 2 v. [Noveishaya istoriya Otechestva XX veka: V 2 t.]. — Vol. 2. — М.: Vldos, 1998.

15. *Semiryaga M.I.* It is not well-known war. Eve and the beginning of the war. [Neznamenitaya voina. Kanun I nachalo voiny] / Dokumenty i materialy. — L.: Lenizdat, 1991. — P. 193.
16. Pravda. — 1939. — December, 3.
17. Pravda. — 1939. — December, 5.
18. *Vert N.* History of the Soviet state. [Istoriya Sovetskogo gosudarstva]. — M.: Progress-Akademiy, 1995. — P. 293.
19. Great Soviet Encyclopedia: in 30 v. [Bol'shaya sovetskaya jenciklopediya v 30 tomah]. — Vol. 15. — M.: Sovetskaya jenciklopediya, 1974. — P. 983, 984.
20. *Carl Gustaf Mannerheim* (1867–1951), *Baron of the Finnish state and military leader, Marshal* (1933). Graduated from the University of Helsinki in the Tsarist Russia and Nikolayev Cavalry School (Petersburg). He served in the Russian army until 1917. During the First World War was a general and head of military units of the Russian army. In 1918, as commander of the Finnish army, he participated in the break of the revolution Finnish workers. December 1918 — June 1919, was Regent of Finland. In 1939–1940, was commander in Chief of the Soviet-Finnish War. In 1944–1946, was President of Finland. Sovetskii jenciklopedicheskii slovar'. Izdanie tret'e. — M.: Sovetskaya jenciklopediya, 1985. — P. 755.
21. *Mereckov K.A.* In the service of the people. [Na sluzhbe narodu]. — M.: Vysshaya shkola, 1984. — P. 184.
22. Sovetskaya istoricheskaya jenciklopediya. — Vol.13. — M.: Sovetskaya jenciklopediya, 1971.
23. Pravda. — 1939. — December, 16.
24. *Semiryaga M.I.* An unnecessary war. Collection of materials: Archives reveal secrets. [Nenujnaya voina. Sbornik materialov: Arhivy raskryvayut tainy]. — M.: IPL, 1991. — P. 129.
25. Mezhdunarodnaya zhizn'. — 1989. — № 12. — P. 206.
26. History of the USSR from ancient times to the present day. In 2 series, in 12 volumes. [Istoriya SSSR s drevneishih vremen do nashih dnei. V 2-h seriyah, v 12 tomah]. — Vol. 9. — M.: Nauka, 1971. — P. 245.
27. Collection of documents on the history of the Soviet Union for seminars and workshops. The era of socialism. [Sbornik dokumentov po istorii SSSR dlya seminarских I prakticheskikh zanyatii. Jepocha socializma]. — I. 3. 1933–1941: A tutorial / Eds. Drobizheva V.Z. — M.: Vysshaya shkola, 1980. — P. 299.
28. Great Soviet Encyclopedia in 30 volumes. [Bol'shaya sovetskaya jenciklopediya v 30 tomah]. — Vol.11. — M.: Sovetskaya jenciklopediya, 1973. — P. 420.
29. *Adambekov B.K.* History of the Russian Empire, the Soviet state and the CIS in the XX century. —A tutorial. [XX gasyrdagy Resei imperiyasy, Kenes memleketi zhane TMD tarihy. Oku kyraly]. — Karagandy: Publishing house KarGU, 2005. — P. 151.
30. *Aptekar' P.A.* Are justified the victim? [Opravdannyy li zhertvy?] //Voенно-istoricheskii zhurnal. — 1992. — № 3. — P. 43.
31. *Adambek B.K.* The puppet government of O.Kuusinen during the Soviet-Finnish war in 1939–1940. [Marionetochnye pravitel'stvo O.Kuusinenina v period sovetsko-finlyandskoi voiny 1939–1940]: Materials of the annual scientific conference «Zhuasovskie chtenie - 11». — Karagandy: Publishing house KarGU, 2007. — P. 157.

**О некоторых аспектах взаимоотношений Карагандинского обкома компартии и высших учебных заведений региона в 1940-х и начале 1950-х годов (история в архивных документах)**

**About some aspects of mutual relations between Karaganda region committee of communist party and regional higher education institutes in 1940s and early 1950s (history in archive documents)**

Капышев А.К.

*Кокиетауский университет им. А.Мырзахметова (E-mail: ardak.mo@vambler.ru)*

1940-шы мен 1950-жылдар басындағы аймақтық биліктің (Қарағанды облыстық комитет компартиясы негізінде) Қарағандының жоғары оқу орындарымен байланыстарының нәтижелері мұрағат құжаттары негізінде талданады. Белгілі кезеңде жоғары оқу орындарында аймақтық саясат билігі қадағалауында болған, қудаланған, репрессивті немесе «әлеуметтік сәйкес емес» оқытушылар қызмет еткен. Мақаланың орталық идеясы қудаланған ғалымдар соңынан облыстық комитет компартиясы тарапынан әрдайым қадағалау жүргізілгені жөнінде болып отыр. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл жағдай Қарағанды және оның аймақтық билігіндегі ерекшеліктердің бірі болған.

On the basis of archives' documents the relationships of regional authorities (in the name of Karaganda regional committee of the Communist party) with Karaganda higher educational institutions during 1940-s to the beginning of 1950-s have been analyzed. In the given period in a number of higher institutions (Karaganda pedagogical institute, Karaganda medical institute) worked the exiled, the repressed and by the origin «socially neglected» teachers who were under supervision of regional and political authorities. The central idea of the article is to show that the exiled scientists were under permanent control by regional committee of the Communist party. However, the «organizational summaries» were not done as well. In our opinion we consider it the most characteristic feature of Karaganda and regional Karaganda authorities.

В 1940-е гг. в поле зрения региональной власти (в данном случае Карагандинский обком коммунистической партии) постоянно находился персональный профессорско-преподавательский состав всех средних специальных и высших учебных заведений. Особое внимание при этом уделялось ссыльным и репрессированным преподавателям, работающим в регионе. Так, под грифом «секретно» в справке о работе Карагандинского учительского института за 1946 г. отмечалось, что «9 вакантных доцентских ставок замещаются старшими преподавателями. Среди преподавателей есть 5 человек административно высланных из центральных городов». В справке приводится подробный список:

1. Рах И.Л. — немец, выслан из г. Баку в 1941 году, где работал заведующим кафедрой в АзерГУ;
2. Реттер Э.И. — немец, выслан из г. Москвы в 1941 году, где заведовал лабораторией ЦАГИ;
3. Вертер-Ретц Я.Ф. — немка, выслана из Днепропетровска в 1941 году, где заведовала кафедрой иностранных языков в ДнепрГУ;
4. Крамм Т.Я. — немка, выслана из Ленинграда в 1941 году, где работала преподавателем иностранных языков в ЛенПИ;
5. Верховоломов Д.Ф. — выслан из Сталинграда, где работал преподавателем математики в педвузе;
6. Романовский В.А. — историк, имеет судимость 5 лет, которую отбывал в Карагандинском Лагере МВД».

В этом же списке перечислялись некоторые другие преподаватели Учительского института, которых, по мнению Карагандинского обкома партии, следует заменить как не соответствующих своему назначению [1].

Следует отметить, что названные выше ссыльные и репрессированные научно-педагогические работники составляли основное ядро преподавателей Карагандинского учительского института. И, несмотря на «внимание» обкома, из которого вытекала политическая целесообразность их замены, они продолжали работать. То есть, с одной стороны, региональные власти должны были принять к неблагонадежным преподавателям соответствующие строгие меры, но, с другой — в силу отсутствия иных учёных в регионе, региональные власти вынуждены были оставить на работе в Караганде ссыльных и репрессированных учёных, по существу, прикрывая их.

На протяжении 1940-х гг. единственными кандидатами наук в Учительском институте (как и во всём Центрально-Казахстанском регионе) были трое заведующих кафедрами — В.А.Романовский, И.Л.Рах, Э.И.Реттер, внесшие большой вклад в развитие института. Позже, в начале 1950-х гг., эти преподаватели в разные годы покинули Караганду, а И.А.Рах был снят с работы 12 декабря 1953 г. с формулировкой, по документам партийного архива, «за моральное разложение» [2]. Однако подробности его персонального дела в документах отсутствуют.

Ссылные преподаватели работали не только в Карагандинском учительском институте, но и в Карагандинском горном техникуме. В 1947 г., также под грифом «секретно», было принято постановление бюро Карагандинского горкома КП(б)К «О состоянии учебно-воспитательной работы в Карагандинском Горном техникуме». В нём указывалось, что преподавательский состав техникума недостаточно занимается воспитательной работой. Недостатки в работе Горного техникума бюро объясняло «значительной засоренностью преподавательского состава техникума случайными людьми», где «из 36-ти штатных преподавателей 17 человек, или 47,2 %, составляют немцы и разные репрессированные люди, из 13 административно-управленческих работников — 9 человек немцев, выходцев из мест заключения и других подвергавшихся репрессиям» [3].

Ответственность за допущенную «засоренность» состава преподавателей и административно-технического персонала городские власти возложили на директора Горного техникума Г.Е.Иванченко, обвинив его в грубом нарушении сталинских принципов подбора кадров. При этом в постановлении бюро Горкома компартии также отмечалось неудовлетворительное состояние подготовки в техникуме национальных кадров: «За последние 6 лет подготовлено только лишь 4 техника-казаха, что составляет 2 % к общему количеству выпущенных».

В итоге бюро Горкома КП(б)К постановило: «а) пересмотреть весь состав преподавателей и административно-технических работников, и лиц, не заслуживающих доверия, заменить проверенными, политически благонадежными, работоспособными людьми» [4]. Однако, как и в случае с Учительским институтом, ссылные и репрессированные преподаватели Горного техникума не были уволены и продолжили свою работу в Караганде.

Как видим, в указанный период в высшей школе Караганды работали немало ссылных, репрессированных преподавателей. Следует отметить, что тоталитарный режим 1930-х — первой половины 1950-х гг. характеризовался не только массовыми репрессиями, но и распространением различных форм клеветы, доноса на своих коллег по работе, слежкой властей.

В результате архивных разысканий у нас есть возможность привести материалы, характеризующие данные проявления тоталитарного режима в региональном масштабе. Так, в 1953 г. на имя секретаря Карагандинского Обкома компартии С.Я.Яковлева поступила докладная записка заведующего отделом школ и вузов обкома партии М.Гришиной, в которой изложена информация о связи преподавателей Карагандинского педагогического института (КарПИ) А.Айтжанова, К.Жолумбетова, К.Тунгушбаева, Ф.Кенжебаевой (как определено в этом документе) с «буржуазным националистом» Х.Д.Джумалиевым [4]. Как будет показано далее, это были разные люди, и вели они себя впоследствии по-разному.

В докладной записке указывается, что в Обком компартии поступили различные сигналы по поводу общения преподавателей КарПИ с «врагом народа» Х.Д.Джумалиевым. Отделом школ и вузов обкома была организована проверка. По ее результатам в записке приводятся факты встреч названных выше преподавателей с Х.Д.Джумалиевым. Также отмечается, что секретарь парторганизации КарПИ Ф.Кенжебаева «не только не реагировала соответствующим образом на факты тесного общения коммунистов с буржуазным националистом Джумалиевым, но и сама встречалась с ним».

Один из преподавателей А.Айтжанов, который пригласил Х.Джумалиева к себе в гости, объяснил причину данной встречи тем, что «ставил перед собой задачу изучить Джумалиева». Однако такое объяснение не устроило отдел школ и вузов, по мнению авторов записки, «в такой задаче не было никакой необходимости, так как Джумалиеву и его деятельности была дана политическая оценка в решениях 8 Пленума ЦК КПК и 5 съезда КП Казахстана».

В записке отдела школ и вузов особо выделен преподаватель КарПИ К.Тунгушбаев, который «проявил особое внимание к Джумалиеву, как своему бывшему учителю, и летом 1952 года обеспечил его в своей семье питанием». В заключение отмечалось, что факты тесного общения преподавателей пединститута с Х.Д.Джумалиевым являются следствием «притупления политической бдительности» и поэтому предлагалось «обсудить поведение преподавателей Айтжанова, Жолумбетова, Тунгушбаева и секретаря парторганизации Кенжебаевой на партийном собрании института» [4].

Каких-то тяжелых последствий данная записка отдела школ и вузов не имела. Фигурирующие в ней преподаватели получили выговоры, а Ф.Кенжебаева была освобождена от обязанностей секретаря партийной организации Пединститута. Однако на этом история не закончилась и получила продолжение благодаря доносительской «активности» одного из тех, кто получил выговор.

В 1953 г. в Карагандинский обком компартии поступило заявление от заведующего кафедрой основ марксизма-ленинизма КарПИ А.Айтжанова (того самого, который годом раньше обосновывал свои встречи с Х.Д.Джумалиевым желанием его «изучить»). В заявлении А.Айтжанова указывается, что в институте имеются коллеги с «кулацко-байским происхождением». Также автор жаловался на директора института С.Б.Баймурзина, который не интересуется научно-исследовательской работой и, якобы, незаконно уволил некоторых преподавателей за критику. А.Айтжанов в своем заявлении просил Карагандинский обком партии разобраться и принять строгие меры [5].

Заявление А.Айтжанова затрагивало значительную часть преподавательского состава КарПИ, поэтому была организована комиссия в составе инструктора отдела школ и вузов ЦК КП Казахстана Б.Наурызбаева, начальника отдела педвузов и педучилищ Минпроса Казахской ССР А.Айманова и заведующего сектором агитации Карагандинского обкома КП Казахстана А.Архипова. Результаты работы комиссии в виде справки были доложены секретарю ЦК КП Казахстана М.А.Сужикову и секретарю Карагандинского обкома компартии С.Я.Яковлеву.

Текст «Справки о результатах проверки заявления члена КПСС, зав. кафедрой основ марксизма-ленинизма КарПИ т. Айтжанова» является интересным историческим документом, в котором, во-первых, нашли отражение факты и аспекты, обычно не фиксирующиеся в повседневной текущей документации, и, во-вторых, этот материал ярко характеризует взаимоотношения региональной власти и регионального вуза. В справке комиссии отмечается, что КарПИ укомплектован научно-педагогическими кадрами. Однако «среди преподавательского состава действительно имеются лица кулацко-байского происхождения». Далее в справке перечисляется ряд лиц с указанием определенных биографических данных.

Приведем этот фрагмент полностью:

а) Заместителем директора по учебно-научной части в институте с 1946 года работает Усик В.П. При вступлении в партию свое социальное происхождение скрыл, только в марте 1953 года подал заявление на имя секретаря обкома т. Хафизова А.Х., в котором сообщает, что отец его был крупным кулаком, держал 2 паровые мельницы и выслан в 1935 году в г. Караганду из Кировоградской области.

Заявление Усик В.П. обсуждено на партийном собрании института. Ему объявили выговор с занесением в учетную карточку.

б) Рах И.Л., кандидат педагогических наук, доцент, член КПСС, работает с 1944 года, зав. кафедрой педагогики и психологии, выслан в Карагандинскую область в 1941 году и находится на специальном учете. В настоящее время на него поступили в прокуратуру компрометирующие материалы, достоверность которых проверяется.

в) Жуманиязов А.Ж., член КПСС, старший преподаватель кафедры физики и математики. За скрытие социального происхождения решением бюро обкома партии от 24.04.1951 года ему объявлен строгий выговор с занесением в учетную карточку, который в 1952 году снят.

г) Кенжебаева Ф., член КПСС, зав. кафедрой казахского языка и литературы с 1952 года, родной брат ее в 1942 году арестован органами МВД, о чем она указывает в своей автобиографии от 30.07.1942 года. Кенжебаева Ф. работала секретарем партбюро института с 1952 года, в июне 1953 года решением партсобрания за притупление политической бдительности к врагу народа, буржуазному националисту Жумалиеву, освобождена от обязанностей секретаря парторганизации с объявлением выговора.

д) Жуасов К.Ж., работает заместителем директора по заочному обучению с 1950 года. При вступлении в партию в 1947 году указал, что является сыном пастуха, а в 1953 году подал заявление в Ленинский РК КПК г. Караганды, в котором, ссылаясь на разговоры отдельных знакомых лиц, сообщает об отце, как середняке, подвергавшемся раскулачиванию, и просит внести соответствующее изменение в учетную карточку. Заявление т. Жуасова К.Ж. проверяется райкомом партии.

ж) Кельтенов Т., член КПСС, по анкетным данным происходит из семьи крестьянина-бедняка. Установить, что он является сыном ходжи, не удалось. До 1950 года работал заместителем заведующего ОблОНО. В мае 1950 года освобожден от занимаемой должности по собственному желанию и направлен обкомом партии в учительский институт, где работает преподавателем математики» [6].

Данные мини-биографии преподавателей КарПИ весьма наглядно характеризуют и время, и политические настроения власти. Ведь шел уже 1953 г., т.е. 36-й год после Октябрьской революции. Однако, как и в 1920-е годы, вновь стал обсуждаться вопрос о социальном происхождении, и преподаватели были вынуждены оправдываться. Но важно не только это. Существенно то, *как власть прореагировала* на эти сведения.

Комиссия также проверила утверждение А.Айтжанова, что все эти названные им лица подобраны С.Б.Баймурзиным по признаку семейственности, приятельских отношений, личной преданности или подхалимства, и пришла к выводу, что для таких определений «нет оснований». В своем заявлении А.Айтжанов также обвиняет старшего преподавателя кафедры педагогики и психологии С.Срымбетова, который преподавал в институте ряд предметов (основы марксизма-ленинизма, историю и методику преподавания истории), не имея законченного высшего образования. По этому поводу комиссия указывает, что С.Срымбетов в 1951 г. заочно закончил исторический факультет КазПИ имени Абая и в настоящее время преподает педагогику.

Далее комиссия отмечает, что в заявлении А.Айтжанова указывается, что «г. Баймурзин не интересуется научно-исследовательской работой преподавателей и тормозит их рост». Однако данное утверждение также не подтвердилось: «институтом ежегодно ведется работа по сдаче кандидатского минимума и защите диссертации на соискание ученой степени. Так, в 1952 г. сдано 16 и в 1953 г. 6 кандидатских экзаменов, причем товарищи Мамиконян, Жуманиязов, Альжанов, Жолумбетов и Баймурзин закончили сдачу кандидатского минимума, а преподаватель психологии тов. Жерносеков А.К. защитил диссертацию на ученую степень кандидата педагогических наук».

Не подтвердилось заявление А.Айтжанова и в том, что С.Б.Баймурзин увольнял преподавателей за критику. Наконец, комиссией (как указывается в документе) «за женой тов. Баймурзина кулацко-байского происхождения не обнаружено» [7]. Вот таков оказался круг «вопросов», заинтересовавших заведующего кафедрой КарПИ А.Айтжанова, которые вынуждена была проверять комиссия.

В итоге комиссия посчитала необходимым предложить в ЦК КП Казахстана и в Карагандинский обком следующее решение: «1. Укрепить пединститут высококвалифицированными кадрами, освобождаясь от лиц, не внушающих политического доверия. 2. В связи с выяснившимся фактом скрытия своего социального происхождения со стороны заместителя директора по учебно-научной части Усика В.П. и отсутствия у него учёной степени и звания нецелесообразно дальнейшее пребывание его в этой должности» [8].

Таким образом, мы видим, что комиссия в своем партийном расследовании отнюдь не приняла обвинительного уклона, как того можно было ожидать, учитывая политические настроения в стране в начале 50-х годов. Возможно, сыграло свою роль то, что комиссия вела партийное расследование в изменившейся внутренней ситуации в стране — уже после смерти И.В.Сталина. Значительная часть информации, указанной в заявлении А.Айтжанова, не подтвердилась. А то, что подтвердилось, не стало поводом для региональной репрессии против интеллигенции. Следует подчеркнуть, что названные выше преподаватели, чье социальное происхождение не вполне соответствовало политическому стандарту, продолжали работать в институте и в разные годы исполняли обязанности заведующих кафедрами и деканов факультетов (в том числе и В.П.Усик).

Анализируя результаты рассмотрения заявления А.Айтжанова в обком (которое явилось типичным политическим доносом), мы с полным основанием можем сделать вывод, что даже в начале 1950-х гг. (а тем более и в дальнейшем) взаимоотношения между региональной властью (в лице обкома компартии) и региональной высшей школой (в лице конкретных вузов) не были основаны исключительно на политическом произволе и устрашении.

1940-е и 1950-е гг. были непростым временем, внутренняя политика тогда сопровождалась поисками, как известно, то «буржуазных националистов», то «космополитов». Однако во взаимоотношениях между региональной властью и региональными структурами (в том числе и вузами) были свои «правила игры», были свои политико-административные нормы, которые не позволяли доминировать в регионе политическому произволу и которые необходимо было соблюдать.

Не была пассивной региональная власть и в таком деле, как назначение в вузы заведующих кафедрами общественных дисциплин. Из архивных материалов видно, что А.Айтжанов после подачи рассмотренного выше заявления решил перевестись работать в Карагандинский горный институт на аналогичную должность, т.е. на должность заведующего кафедрой основ марксизма-ленинизма. Однако в Карагандинском обкоме компартии в то время, видимо, уже сложилось неоднозначное (пре-

имущественно негативное) мнение о заведующем кафедрой основ марксизма-ленинизма КарПИ А.Айтжанове.

Специфика должностей заведующих кафедрами общественных дисциплин в региональных вузах заключалась в том, что кандидатуры на эти должности утверждались в Обкоме партии (через отдел школ и вузов). И надо отдать должное этому отделу, так как его руководство, в частности зав. отделом М.Гришина, не только определяло региональную вузовскую политику, или контролировало учебные заведения, но и интересовалось мнением дирекции вузов по тем или иным вопросам. В данном случае, перед переводом и утверждением на новом месте А.Айтжанова, отдел школ и вузов интересовался мнением дирекции Карагандинского горного института. Директор КарГИ Ю.Нурмухамедов высказался против утверждения А.Айтжанова в должности заведующего кафедрой в его институте, ссылаясь на отрицательные отзывы заместителя директора Г.Е.Иванченко и декана горного факультета Кирюхина, которые лично знали А.Айтжанова [9]. Следует отметить, что А.Айтжанов так и не был переведён на работу в КарГИ; в 1954 г. он скончался.

